



**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ
БАСТАУЫ**

Рене Декарт



Данышпан философтардың тууы жағынан XVI ғасырмен салыстырғанда XVII ғасыр әлдеқайда жемісті болды. «Қазіргі заманғы философияның әкесі» деп жиі аталатын адам – Рене Декарт. Ол 1596 жылы, шамамен алғанда Шекспир «Гамлетті» жазып жатқан кезде, Турен өлкесіндегі қазір Лаэ-Декарт деп аталатын қалашықта дүниеге келді. Аурушаң бала мектептегі таңғы жаттығулардан босатылғандықтан, төсекте жатып ойға бататын. Бұл оның өмір бойғы әдетіне айналды. Он бір жасынан он тоғыз жасына дейін ол иезуиттердің Ла Флеш колледжінде классика мен философияны оқыды. Ол өмір бойы католик болды, бірақ есейген шағында өмірінің басым бөлігін протестанттық Голландияда өткізу туралы шешім қабылдады.

1616 жылы Пуатьеде ғылыми дәреже алған соң, Декарт біраз уақыт ғылыми зерттеулерімен айналысқан жоқ. Еуропаны бөлшектеп тастаған діндер соғысында ол екі жаққа да болысты. Біріншіден, ол протестанттық принц Оранждың әскерінде ерікті ретінде ақысыз қызмет етті; кейін британ королі I Джеймстің күйеу баласы – палатендік курфюрст Фредерикпен соғысқан бавариялық католик герцог Максимилианның әскерінде болды. Әскерден кеткен соң ол мамандығына қайта оралмады. Орта ғасырдың ұлы философтарынан бір айырмашылығы – Декартты шіркеудің өкілі деп те, академияның маманы деп те айтуға болмайтын. Ол университетте ешқашан дәріс оқыған жоқ, салт басты сері секілді жеке өмір сүрді. Ол өзінің ең танымал еңбегін ғылым әлемінің тілі – латынша емес, қарапайым француз тілінде, өзі айтпақшы, «тіпті әйелдер де түсінетіндей» етіп жазды.

Әскерде қызмет еткен кезінде Декарттың бойында философиямен айналысуға қабілетім бар деген сенім пайда болды. 1619 жылдың қысының бір күні ол пештің қасында ойға шомып өткізді. Оған адамды оқытудың барлық пәндерді тамаша бір ғылымның тармақтары ретінде бейнелейтін реформасын жалғыз өзі жасау туралы ой келді. Осы таңдауына деген сенімі сол түні үш түс көргенде нығая түсті, оларды өзі «аян түстер» деп есептеді. Алайда тек бірнеше жыл өткен соң ғана ол философиялық зерттеулермен тұрақты айналыса бастады.

1620 жылдан 1625 жылға дейін ол Германия, Голландия және Италияға саяхат жасады, ал 1625–1627 жылдары құмар ойындарға және махаббатқа байланысты жекпе-жектерге қатысып, Париждің қоғамдық өміріне араласты. Оның ертеректе жазылған еңбектерінің сақталған нұсқалары механика, математика мәселелеріне қызығушылығын көрсетеді, олардың арасында музыка туралы трактат та бар. Ол 1627 жылы Парижде көпшілік алдындағы ауқымды дәрісте туындаған пікірталаста айналасын таңғалдыра сөз сөйледі: жиынға қатысып отырған кардинал Декартқа «ендігі өміріңізді философияны реформалауға арнаңыз» деген тілегін жеткізді.

Бір жылдан соң Декарт Голландияға бет алып, сол жерде 1649 жылға дейін дүниеден өтуіне аз ғана уақыт қалғанша өмір сүрді. Ол бұл елді ауа райы мен толеранттығы үшін таңдады: ол қаланың көңілді бөле беретін қым-қуыт беймазалығы мен таңертеңгі қоңырауларынан азат өмірді асыға күтті. Декарт жиырма жылдың ішінде әртүрлі он үш үйде тұрды және оның мекенжайы ең жақын достарынан басқа адамдарға құпия болды. Протестанттардың ортасында ол католицизмді ұстанды.

Декарт ғылыми ортамен хат арқылы хабарласып тұрды. Оның жиі хат жазысатын адамы – оқымыстылардың халықаралық торабының орталығы іспетті францискандық монах Марин Мерсенн әкей еді. Мерсенн Декарттың әдеби агенті ретінде оның шығармаларын жариялаумен айналысты және оны соңғы ғылыми жаңалықтардан хабардар етіп отырды. Декарттың он томдық еңбегінің бес томы оның хаттарынан тұрады, олар философ ойын дамыта түскен маңызды бастаулар еді.

Декарт Голландияда жайлы да тыныш өмір сүрді; оның айналасында қоян-қолтық араласатын адамдары болды. 1635 жылы қызы Франсин некесіз дүниеге келді, алайда тек бес-ақ жыл өмір сүрді. Ол Парижден өзімен бірге бірнеше кітап ала келді, олардың арасында Акуинолық Томастың «Теология суммасы» да бар еді. Декартты классикалық тілдер аса қызықтырмады: ол «кітап оқуға уақытым өте аз» дейтін және «жиырма жылдан бері оқулықтың бетін бір рет те ашпадым» деп мақтанатын. Бейтаныс адам оның кітапханасын көруге ниет білдіргенде, ол бұзаудың паршаланған денесінің жартысын көрсетіпті. Қасапшыдан тәжірибе үшін малдың тұтас етін сатып алғаннан басқа, ол оптикада эксперименттер жүргізу мақсатында өз линзаларын ұнтақтады. Ол оқытуға емес, экспериментке және бәрінен бұрын өзінің философиялық толғаныстарына сенді.



Оның Голландияда өткізген алғашқы жылдарында жазылған еңбектері негізінен алғанда математикалық және физикалық бағытта болды. Ол аналитикалық геометрияның негізін қалады: әрбіроқушы білетін Декарт координаталары оның тегінің латынша атауынан туындайды. Ол сынуды зерттеді, жарық пен көз табиғатын зерттеу бойынша мұқият жүргізілген теориялық және эксперименттік жұмыстың нәтижесін – синустар заңын ұсынды. Ол кемпірқосақтардың шынайы табиғатын анықтауға тырысып, метеорология бойынша да ізденістер жүргізді.

1632 жылы Декарт «жарықтың, күннің және оны тудыратын қозғалмайтын жұлдыздардың табиғатын; оны жеткізетін көкті; оны бейнелейтін планеталарды, кометаларды және жерді; түрлі түсті, мөлдір немесе жарқыраған жер денелерін және оны бақылаушы адамды» түсіндіре алатын көлемді еңбек жариялаймын деп жоспарлады. Ол ұсынған жүйе гелиоцентристік болатын: Жер – Күнді айнала қозғалушы планета еді.

Бұл туынды «Дүние немесе Жарық туралы трактат» деп аталды және Декарт Галилейдің Коперник жүйесін қолдағаны үшін айыпталғанын естігенде кітап баспаға дайын еді. Шіркеу билігімен жанжалға барғысы келмеген ол трактатын қайтадан үстелінің тартпасына тастай салды. Декарттың көзі тірісінде кітап жарық көрмеді, алайда оның материалының басым көпшілігі он екі жыл өткен соң «Философия негіздері» деп аталатын оқулыққа енгізілді.

Өзінің жүйесін жариялаудың орнына Декарт 1637 жылы «әдісінің кейбір үлгілерін: диоптрика, геометрия, метеорологиясын ұсынды. Декарт оларға қосымша ретінде «ақыл-ойды қалайша дұрыс оятып, ғылымда ақиқатты іздеуге болатыны» жайындағы пайымдауларын жазды. Осы үш ғылыми трактатты қазір ғылымның тарихы бойынша мамандар ғана оқиды, ал «Әдіс туралы пайым» философияның бүкіл классиктерінің арасында ең көп оқылатындардың қатарында. Маңызы жағынан ол Платонның «Мемлекетімен» және Канттың «Таза ақылға сынымен» тайталаса алады, бірақ олардың әрқайсысымен салыстырғандағы артықшылығы – әлдеқайда қысқа және айтарлықтай көп оқылады.

Сонымен қатар, «Пайым» оның өмірбаянының көңілді де сыпайы бөлімі болып есептеледі, оны мына үзінділерден байқауға болады:

«Парасатты ақыл – дүниеде ең көп тараған нәрсе; себебі әр адам оның өз басында молынан жететініне сенімді екені соншалық, әдетте өзара түсінісуі қиын адамдар да осы парасатты ақылдың өздерінде бар шамасынан артыққа ие болуды қаламайды...

Жетекшінің бақылауынан құтылуға жасым жеткен бойда мен зерттеулерден толығымен бас тартып, өзімнен немесе әлемнің ұлы кітабынан табуға болатын ілімнен басқа ешқандай да ғылымды іздемеу туралы шешімге келдім... Өмірдің барлық комедияларының актері емес, көрермені болуға ұмтылып, тоғыз жыл әлемді кездім.

Сан жағынан көп, өте еңбекқор және басқа жұртқа көңіл бөлгеннен гөрі өз шаруасын көбірек ойлайтын ұлы халықтың арасында, адамдар ең көп баратын қалаларда маған жайлылық жетіспеді, мен ең алыс шөлейттерде өмір сүргендей болып, жалғыздық пен өгейлікті бастан кештім».

Бірақ «Пайым» – Декарттың интеллектуалдық өмірбаянынан әлдеқайда зор туынды: ол ойшылдың философиялық жүйесі мен ғылыми әдісін егжей-тегжейлі бейнелейді. Декарттың күрделі философиялық докториналарды әдемі жеткізу қабілетіне ие екені соншалық, олар бір оқығанда-ақ мейлінше түсінікті болатын, алайда сонымен бірге тәжірибелі философтарға да пайымдауға қажетті материал бере алатын. Ол өзінің шығармаларын «кәдімгі роман сияқты» оқуға болатынын мақтаныш тұтатын-ды.

«Пайымда» көрініс тапқан және келесі еңбектерде нақтылана түскен екі негізгі идея бар. Біріншісі: адамдар – ойлай алатын тіршілік иелері. Екіншісі: материя – қозғалушы кең өріс. Оның жүйесі түгелдей сана мен материяның осы дуализмі тұрғысынан түсіндірілуі тиіс. Егер біз қазіргі уақытта сана мен материяны «өзіміз өмір сүріп отырған ғаламның бірін-бірі өзара жоққа шығарушы және жоюшы екі ұлы бөлігі» деп ойлауға бейім болсақ, оған себепші – Декарт.

Декарт бұл қорытындыларға жүйелі күмәндану әдісін қолдану арқылы жетеді. Жалғандықтың қақпанына түспеу үшін философ өз ісін күмәндануға болатынның бәріне күмәнданудан бастауы тиіс. Сезімдер кейде бізді алдайды; математиктер кейде қателік жібереді; біз ұйықтап жатқанымызға немесе ояу отырғанымызға ешқашан сенімді бола алмаймыз. Демек:

«Осыған дейін басыма келген нәрсенің бәрі ұйықтағандағы түстің елесінен еш айырмасы жоқ ақиқат болды деп алдауға тырыстым. Алайда осыдан кейін-ақ мен бәрі жалған деп ойлауға



тырысқанымда, осылай ойлаған өзімнің бірдеңе екенімді бірден байқадым. «Мен ойлаймын, демек, өмір сүремін» деген ақиқаттың мығым және берік болғаны соншалық, скептиктердің ең қисынсыз болжамдары да оны теріске шығара алмағанын байқап, оны философияның өзін іздеген бірінші принципі ретінде қабылдауға ұялмауым керек деп шештім».

Осы әйгілі Cogito ergo sum – «Мен ойлай аламын, демек мен бармын» деген ұраны философияның екінші мақсаты, ол скептицизмге апаратын жүйелі күмәндануға кедергі жасайды. Алайда Декарт өз жүйесінің принциптерін туындатуды жалғастыра берді. Егер мен ойламаса, онда мен өмір сүріп отырмын деп болжауыма негіз болмас еді; сондықтан мен – субстанциямын, оның мәні – ойлауда; ал тән ғана болса, ол менің мәнімнің бөлігі болып есептелмейді. Осыны басқа адамға қатысты да айтуға болады. Декарттың бірінші, негізгі тезисі осындай.

Cogito-ның дұрыс екеніне мені не сендіреді? Оның шындық екенін анық көріп тұрғаным ғана. Мен бірдеңені айқын және анық түсінгенде ғана оның шын екеніне сенемін. Алайда материалдық объектілер туралы сөз еткенімізде, олардың барлық қасиеттерінің арасынан айқын және анық қабылдайтынымыз – форма, өлшем және қозғалыс. Осылайша Декарт «материя – қозғалыстағы кең өріс» деген екінші негізгі тезисін тұжырымдайды.

Бірақ мен айқын және анық көріп отырғанның бәрі дұрыс деген принципке кім кепілдік береді? Құдайдың ақиқат табиғаты ғана. Мен соның арқасында ойлауға қабілетті тіршілік иесі ретінде өмір сүріп отырмын, сол үшін мен оған қарыздармын. Сондықтан Құдайдың бар екенін дәлелдеу – Декарт жүйесінің қажетті бөлігі. Ол «Құдайдың бар екенінің екі дәлелі бар» дейді. Біріншіден, менде мінсіз өмір сүру идеясы бар, оны тудыратын – жетілген тіршілік иесі, деңгейі төмен тіршілік етуші оны жасай алмайды. Екіншіден, жетілу үшін болмыс өз бойында барлық кемелдікті қамтуы тиіс; бірақ өмір сүрудің өзі – кемелдік, сондықтан жетілген тіршілік иесі бар болуы тиіс.

Бэкон сияқты, Декарт та білім ұғымын ағашпен салыстырды: ағаштың тамыры – метафизика, діңгегі – физика, ал жеміс беретін бұтақтары – мораль және пайдалы ғылымдар. Оның «Пайымнан» кейінгі шығармалары осы ретпен жазылды. 1641 жылы ол метафизикалық «Толғаныстарын», нақтырақ айтқанда «Алғашқы философия туралы толғаныс», кейде «Метафизикалық толғаныстар» деп те аталтын еңбектерін), 1644 жылы – «Дүниенің физикалық жүйесінің қысқартылған нұсқасы саналатын «Философия негіздері» еңбегін және негізінен алғанда, этикалық трактат деуге болатын «Жан құмарлықтары туралы» (The Passions of the Soul) трактатын жазды.

«Толғаныстар» бұрын «Пайымда» сипатталған жүйені толық баяндаудан тұрады. Жарияланар алдында кітап мәтіні сын-ескертпелер жинау мақсатымен ғалымдар мен ойшылдардың арасында тарату үшін Мерсеннге жіберілді. Алты қарсы пікір келді. Олар Декарттың жауаптарымен бірге 1641 жылғы бірінші басылымға жазылған көлемді қосымшада басылды. Осылайша, Декарттың еңбегі тарихта сараптамадан өткен алғашқы туынды болды. Қарсы шыққандар әртүрлі және көрнекті топ еді: Мерсеннді айтпағанда, олар – голландиялық схоластар, Париждің аугустиндік теологы, сонымен қатар философ-атомист Пьер Гассенди мен ағылшын материалист-номиналисі Томас Гоббс болатын.

«Толғаныстарды» сынау кітап жарық көрген соң да жалғасты және сыни пікірлер тек қана әдеби емес еді. Утрехт университетінің ректоры Гисберт Воэций Декартты «атеизмді насихаттаушы қауіпті адам» деп, ал Лейден университеті «пелагийшіл дінбұзар» деп айыптады. Декарт өз ұстанымын қорғау үшін екі трактат жазды; бірақ беделді достары ғана оны тұтқындалудан және кітаптарын өртеп жіберуден құтқарды.

Оны жақсы қолдаған достарының бірі – өзі бір кездерде оған қарсы әскерде қызмет еткен курфюрст Фредериктің қызы Елизавета ханшайым еді. Ол ханшайыммен 1643 жылдан бастап өзі дүниеден өткенше хат алысып, оның өз шығармаларына берген өткір сынына жауап жазып тұрды (жазбаған кезі сирек еді). Ол Елизаветаға медициналық және моральдық жағынан көп кеңес берді және оның ағасы король I Карл жазаланғанда, жұбатуға тырысты. «Философия негіздерін» ол дәл осы ханшайымға арнаған еді. Кітаптың бірінші бөлімі толғаныстар метафизикасын қорытындылайды, ал қалған үш бөлігі физика ғылымына арналған, қозғалыс заңдарын сипаттайды және салмақтың, жылу мен жарықтың табиғатын түсіндіреді. Күн жүйесі гелиоцентристік және эволюциялық тұрғыда сәл бүркемелей сипатталған. Декарт дүниенің қалай жаратылғанын емес, Құдай риза болғанда, басқаша қалай жасайтынын сипаттап отырғанын түсіндірді.



Декарттың Елизавета ханшайыммен хат жазысуы оның тән мен жан арасындағы өзара қарым-қатынасты одан әрі зерттеп, ежелгі стоицизмді еске салатын этикалық жүйені қалыптастыруына алып келді. Ол бұл пайымдауларын «Жан құмарлықтары туралы» еңбегінде дамыта түсті. Алайда трактат жарық көргенде ол Елизаветаға емес, философиямен әуестенген басқа бір ханымға – Швеция патшайымы Кристинаға арналды. Патшайымның қатты әсер алғаны соншалық, Декартты сарай философы болуға шақырып, оны Голландиядан жеткізу үшін өз адмиралын линкормен жіберді. Декарт көпшіліктен оқшауланған оңаша өмірін қимаса да көнді, бірақ оның жаңа қызметке тағайындалуы жағдайын тіптен қиындатып жіберді. Ол жалғыздықты басынан кешті, өзін ешкімге керегі жоқ сияқты сезінді: балет жазумен айналысты және патшайымға философияны оқыту үшін таңғы бесте тұруға мәжбүр болды.

Декарт өзінің күшіне, әсіресе ашқан әдісіне өте сенімді болды. Ол тағы бірнеше жыл уақыт берілсе және зерттеулеріне жеткілікті дәрежеде қаржы бөлінсе, физиологияның шешілмеген мәселелерінің бәрін шешіп, барлық аурудан жазылудың жолдарын таба аламын деп ойлады. Осы кезде ол Швецияның қытымыр қысының құрбаны болды. Науқас досының күтімімен айналысқан Декарттың ақыры өкпесі қабынып, 1650 жылдың 11 ақпанында дүние салды. Ол өзіне эпитафия ретінде таңдаған мынадай эпитафия бар:

«Дүниені тануға талпынғанмен,

Өзін танып-білуге ұмтылмаған жаннан басқа өлімнен жапа шеккен ешкім жоқ».

Декарт жан-жақты дамыған данышпан һәм ғажап адам еді. Оның физиология, физика, астрономия салаларындағы идеяларын ғасырлар ығыстырып шығарды: олар Аристотель жүйесін ауыстыруға лайық болғанымен, одан әлдеқайда кем бағаланды. Алайда оның алгебра мен геометрия бойынша еңбектері математиканың мәңгілік мұрасына енді; философиялық идеялары – бұл жақсы ма, жаман ба – осы күнге дейін өте ықпалды. Декартты барлық дәуірлердің ұлы философтарының бірі деуге болатынына ешкім де күмән келтіре алмайды.

Алайда оның өзіндік бағалауына толығымен сүйенуге болмайды. Өзінің «Әдіс туралы пайымында» ол индивидуум құрған жүйелер қоғамдастық құрған жүйелерден артығырақ дейді:

«Әдетте бірнеше бөлімнен тұратын және әртүрлі суретшілер салған шығармаларда бір адам жасаған туындыдағыдай мінсіздік жоқ. Осылайша, бір сәулетші жоспарлап, салып шыққан ғимарат бірнеше адамның басқа мақсатқа арнап салынған ескі қабырғаларды бейімдеу арқылы тұрғызған ғимаратынан жақсырақ және түзулеу болатынын көреміз. Тағы бір мысал: әуелі қалашық болып, уақыт өте қалаға айналған ежелгі қоныстар, әдетте, сәулетшінің қиялына сай ашық үлгінің тұрақты суреті бойынша тұрғызылған шаһарлармен салыстырғанда нашар келеді».

«Бұл готикалық сәулет өнерін емес, классикалық сәулет өнерін таңдау талғамының жәй ғана көрінісі емес, – деп жалғастырады Декарт, – заңдар, оларды заң шығарушы бір кодекске сүйеніп жасағанда, жақсырақ болады». «Дәл осылайша, – деп ойлады ол, – философияның ақиқат жүйесі – бір ғана адамның ақылының жемісі»; Декарт өзін осы жүйені құрастыратын бірегей ойшылмын деп санады.

Декарт шынымен де философиялық пайымдаудың жаңа, дара түріне түрен салды. Ортағасырлық философтар негізінен білім жиынтығын баяндаумен ғана айналысты; оның барысында оларды жетілдіру бойынша ұсыныс жасай алса да, қалыптасқан дәстүрлердің аясынан шығуға болмайтын еді. Қайта өрлеу дәуірінің философтары өздерін ежелгі даналықты қайтадан ашып, қайта жариялаушылармыз деп есептеді. Декарт антика заманынан бері өзін толығымен жаңашыл ойшылға айналдырған бірінші философ болды; ол адам мен ғалам туралы шындықты алғаш баяндау құқына ие болған тұңғыш тұлға еді. Декарттың соңынан басқалар да ерді: Локк, Юм және Кант. Жаңа дәуір үшін олардың әрқайсысы өз философиясын мығым ғылыми принциптердің негізінде құрастырылған жаңа туынды ретінде ұсынды. «Менің еңбегімді оқыңыз да, менің алдымдағыларды алып тастаңыз» – XVII және XVIII ғасырлардың ойшылдары мен авторларының тұрақты тақырыбы осы.

Акуинолық Томас, Скот және Оккам секілді ортағасырлық философтарды зерттегенде, студент жаңалықтардың қандай деңгейде дамитынын түсіну үшін мәтіндерді егжей-тегжейлі оқуы тиіс: жаңа шарап ескі бөтелкелерге ылғи да осындай ұқыптылықпен құйылады. Декарт пен оның ізбасарларының күрделілігі бұған қарама-қарсы: бірегей түсінік ретінде ұсынылып



отырғанды ертеректе өмір сүрген авторлардың еңбектерінен табуға болатынын ұғу үшін мәтіннің шеңберінен шығу керек. Ол өзінің алдындағы схоластарға қарыз еместігі туралы бірнеше рет айтқан. Декарттың сөзіне күмәнданудың қажеті жоқ. Ол плагиатшы емес еді, алайда өскен ортасының интеллектуалдық атмосферасын өз бойына қаншалықты күшті жинағанын түсінбеді.

Декарт бәрін күмән елегінен өткізуге тырысқанда, ол күмәнданбаған жалғыз нәрсе – өзінің оқшау пайымдауларында қолданған сөздерінің мағынасы. Егер осылай жасаса, оған тіпті біздің монологта қолданатын сөздеріміздің мағынасы әлеуметтік қоғамнан бастау алатынын түсінуге тура келер еді, сондықтан ол жеке де жалғыз идеялардан өз философиясын құрастыра алмады. Сонымен қатар, Декарт оның жүйесінің негізгі құрастырушы бөліктері – табиғи сәуле берген айқын да анық түсініктерге күмәндануға болмайды деп есептеді. Бірақ іс жүзінде, біз келесі дәрістерде қарастыратындай, ол «жанымыздағы табиғи сәуле бізді бірдеңеге үйретеді» дегенде, Ла Флештегі иезуиттерден алған ілімін меңзеп тұр.

Декарттың өз заманынан қазіргі күнге дейінгі ықпалы аса зор екені сөзсіз. Алайда оның қазіргі заманғы философиямен байланысы әкенің балаға, сәулетшінің сарайға, жобалаушының қалаға қатынасына ұқсамайды. Философия тарихында оның ұстанымы құм сағаттарының беліне ұқсас десек, дұрыс болар. Әйнектен жасалған осындай сағаттың жоғарғы жағындағы құм төменгі тұсқа екі бөліктің арасындағы тар қуыс арқылы жететіні сияқты, орта ғасырлардан бастау алған идеялар қазіргі заманға Декарт данышпанның сүзгісі арқылы жетті.